

**Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары аппаратының санын және оны ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 2 қараша N 1442. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.11.21. N 1425 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2541 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналар таратылсын:

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Мемлекеттік сауда инспекциясы;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Балық шаруашылығы жөніндегі комитеті таратылып, оның функциясы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне берілсін;

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Жұмыспен қамту департаменті таратылып, оның функциясы Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне берілсін;

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Ұйымдастыру-құрылыс қызметін мемлекеттік лицензиялау департаменті, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық департаменті, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы департаменті, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау департаменті таратылып, олардың функциялары Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігіне берілсін.

2. 1995 жылдың 1 қазанынан министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың орталық аппараты қызметкерлерінің саны 1067 адамға және олардың республикалық бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті органдары қызметкерлерінің саны 3949 адамға қысқартылсын.

3. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен республикалық бюджеттен қаржыландырылатын басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдарының орталық аппараты қызметкерлерінің шекті саны, сондай-ақ министрлер,

мемлекеттік комитеттер төрағалары орынбасарларының және басқа да орталық атқарушы органдары басшылары лауазымдарының саны N 1-3 қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүргізіліп жатқан шараларға сәйкес министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен басқа да орталық атқарушы органдар бойынша еңбекке ақы төлеу қорын анықтасын.

4. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен басқа да орталық атқарушы органдарының басшылары мен басқа қызметкерлерінің сандық нормативтері N 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен басқа да орталық атқарушы органдарының орталық аппаратының құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін болып белгіленсін.

Министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен басқа да орталық атқарушы органдары бір ай мерзімі ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген орталық аппараттың құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметіне түсіретін болсын.

6. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен басқа да орталық атқарушы органдарының орталық аппараты қызметкерлеріне қызмет көрсетуге арналған қызмет бабындағы жеңіл автомобильдер санының лимиті N 5 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Осы қаулыда көзделген шараларды қолдану нәтижесінде босаған жеңіл автомобильдер белгіленген тәртіппен аукцион арқылы сатылсын.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай мерзімі ішінде министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, маслихат-жиналыстардың және басқа да жергілікті атқарушы органдарының келісуі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне мыналарды:

облыстар мен Алматы қаласы әкімдері аппаратының үлгілік құрылымын және аймақтардың экономикасын ескере отырып, олардың дербес атқарушы органдарының тізбесін;

басқару аппараты қызметкерлерінің саны мен еңбек ақы қорының лимитін;  
қызмет бабындағы жеңіл автомобильдер санының лимитін;  
қызметтік іс-сапарларына арналған шығындар лимитін түсіретін болсын.

8. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттері мен басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдарының басшыларына мыналар міндеттелсін:

орталық және жергілікті атқарушы органдарының аппаратын қысқарту жөніндегі жұмысты еңбек заңдарына қатаң сәйкес, "Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" 1990 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген әлеуметтік кепілдіктер мен өтемақыларды бере отырып жүргізісін;

Аппараттың штаттық кестесін еңбек ақы қорының белгіленген адам саны шегінде және осы қаулының 4-қосымшасында көзделген нормативтерді сақтай отырып бекітсін;

басқару аппаратын ұстауға арналған мемлекет қаражатын жұмсауда қатаң үнемдеу тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастырсын, әкімшілік үйлері мен қызмет кабинеттерін әрлеу, жабдықтау және ішін жиһаздау кезінде ысырапқорлыққа жол бермесін;

делегациялар мен жеке адамдарды қабылдағанда және оларға қызмет көрсеткенде мемлекет қаражатын шектеу жөніндегі жұмысты жалғастырсын, бұл ретте бекітілген нормаларды басшылыққа алсын;

9. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның мекемелеріне: министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдарының шоттарынан қаражат беру мен басқа да банкілік операцияларын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде және жергілікті қаржы органдарында тіркелген шығыс сметаларын көрсеткенде ғана жасау;

қаражатты жалақыға, сыйлыққа және материалдық көмекке, қызметтік іссапарға еңбек ақы қоры мен қызметтік іссапарға лимиттері болғанда ғана беру;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың ағымдағы шоттарынан делегациялар мен жеке адамдарды қабылдауға қаражаттың жұмсалудың Қаржы министрлігінде және республиканың жергілікті қаржы органдарында тіркелген осы мақсатқа арналған шығындардың сметаларына сәйкес жүргізу ұсынылсын.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен оның жергілікті органдары:

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ оларға қарасты органдардың, мекемелер мен ұйымдардың басқару аппаратын ұстауға арналған мемлекет қаражатын жұмсауда қаржылық тәртіптің сақтаулы мен үнемдеуі режимі болуына бақылауды күшейтсін;

мемлекет қаражатын заңсыз жұмсау фактілері анықталған жағдайда олардың толық жойылуына және тиісті лауазымды адамдардың жауапқа тартылуына шаралар қолданылатын болсын.

11. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2541 Жарлығына сәйкес құрылған және қайтадан ұйымдастырылған орталық атқарушы органдар бойынша қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

12. Еңбек министрлігі, Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігі бір ай мерзім ішінде орталық және жергілікті атқарушы органдары қызметкерлерінің

лауазымдық еңбекақыларының схемасын жасап, оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

13. "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2541 Жарлығына сәйкес жаңадан құрылған және қайтадан ұйымдастырылған орталық атқарушы органдары бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Экономика министрлігімен және басқа да мүдделі орталық атқарушы органдармен келісілген, сол органдар туралы Ережелердің жобаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

14. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мүдделі орталық атқарушы органдар мен бірлесе отырып үш ай мерзім ішінде республика Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келтіру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс түсірсін.

15. Мыналардың күші жойылған деп танылсын.

"Мемлекеттік басқару органдары аппаратының санын және оны ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 тамыздағы N 374 қаулысы;

"Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 желтоқсандағы N 1445 қаулысының 4-тармағы;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 тамыздағы N 874 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 ақпандағы N 143 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 тамыздағы N 874 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 539 қаулысы.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1995 жылғы 2 қарашадағы  
N 1442 қаулысына

1 қосымша

Қазақстан Республикасы министрліктері, мемлекеттік комитеттері және басқа да орталық атқару органдары орталық аппараты қызметкерлерінің шекті саны

---

Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және орталық атқару органдарының атауы	Адам саны
1	2

---

Әділетмині 147

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің  
1995 жылғы 2 қарашадағы  
N 1442 қаулысына  
2 қосымша

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқару органдары қызметкерлерінің шекті саны

---

Жергілікті атқару органдарының атаулары	Адам саны
---	-----------

---

Әділетминінің облыстық, қалалық басқармалары 916

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1995 жылғы 2 қарашадағы  
N 1442 қаулысына  
3 қосымша

Қазақстан Республикасы министрлері,  
мемлекеттік комитеттері төрағалары мен  
басқа да орталық атқару органдары басшылары  
орынбасарларының шекті саны туралы

<\*>

Ескерту. ҚРҰ-нің 1996.05.12. N 583 қаулысын қараңыз.

---

Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен басқа да орталық атқару органдарының атауы		Адам саны
---	--	-----------

---

1		2
---	--	---

---

Әділет министрлігі	4
--------------------	---

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1995 жылғы 2 қарашадағы  
N 1442 қаулысына  
4 қосымша

Қазақстан Республикасындағы министрліктердің,  
мемлекеттік комитеттердің және басқа да  
орталық атқару органдары орталық аппаратының  
басшы және басқа қызметкерлері санының  
нормативтері

---

	Қызметкерлердің жекелеген санаттарының қатынастары
--	---

---

1. Құрылымдық бөлімдер адам саны төмендегідей  
болғанда /бөлімше бастықтарын қоса есептегенде/  
құрылады:

секторлар	адам саны 3-тен кем болмаса
бөлімдер	адам саны 4-тен кем болмаса

басқармалар адам саны 10-нан кем болмаса  
бас басқармалар және қызметкерлер саны 20-дан кем  
департаменттер

<\*>

болмаса

Ескерту. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.05.27.  
N 648 қаулысымен.

II. Құрылымдық бөлімдер басшыларының  
орынбасарлар лауазымы мынадай  
жағдайда енгізіледі:

бөлім бастығының бөлімінде кемінде /бастықты  
орынбасары қоса есептегенде/ 7 адам болса

Басқармалар бастықтарының басқармаларда кемінде  
орынбасарлары /бастықты қоса есептегенде/  
10 адам болса: басқармалар  
бастықтары орынбасарларының  
қосымша лауазымы - одан  
кейінгі әрбір 10 адамға

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1995 жылғы 2 қарашадағы  
N 1442 қаулысына  
5 қосымша

Қазақстан Республикасы министрліктері, мемлекеттік  
комитеттері мен басқа да орталық артқару органдары  
орталық аппараты қызметкерлеріне қызмет көрсетуге  
арналған қызметтік жеңіл автомобильдер санының  
лимиті

<\*>

Ескерту. ҚРҰ-нің 1996.05.12. N 583 қаулысын қараңыз.

---

Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен басқа да орталық атқару органдарының атаулары		Автомобильдер саны
---	--	-----------------------

---

1

2

---

Әділетмині

5